



ISSN 2226-6070
9 772226 607127 0 9

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті

Костанайский государственный университет
имени Ахмета Байтұрсынова

№ 3 2015 «3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация»



КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

“3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация”

2015 ж., қыркүйек № 3

№ 3, сентябрь 2015 г.

Жылына төрт рет шығады

Выходит 4 раза в год

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің көпсалалы ғылыми журналы
Многопрофильный научный журнал Костанайского государственного университета
им. А. Байтұрсынова

Меншік несі:

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Собственник:

Костанайский государственный университет им. А. Байтұрсынова

Бас редакторы / Главный редактор:

Нәметов А.М. – ветеринария ғылымдарының докторы / доктор ветеринарных наук

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

Жарлыгасов Ж.Б. – кандидат сельскохозяйственных наук/ ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Редакциялық кеңес / Редакционный совет:

1. Абсадықов А.А. – филология ғылымдарының докторы / доктор филологических наук
2. Айтмұхамбетов А.А. – тарих ғылымдарының докторы / доктор исторических наук
3. Анюлене А. – ветеринария ғылымдарының докторы / доктор ветеринарных наук (Литва)
4. Астафьев В.Л. – техника ғылымдарының докторы / доктор технических наук
5. Гайфуллин Г.З. – техника ғылымдарының докторы / доктор технических наук
6. Гершун В.И. – ветеринария ғылымдарының докторы / доктор ветеринарных наук
7. Джиорджи М. – ветеринария ғылымдарының докторы / доктор ветеринарных наук (Италия)
8. Жиентаев С.М. – экономика ғылымдарының докторы / доктор экономических наук
9. Одабас М. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы / доктор сельскохозяйственных наук (Турция)
10. Козинда О. – ветеринария ғылымдарының докторы / доктор ветеринарных наук (Латвия)
11. Колдыбаев С.А. – философия ғылымдарының докторы / доктор философских наук
12. Крымов А.А. – заң ғылымдарының докторы / доктор юридических наук (Российская Федерация)
13. Лозовицка Б. – PhD докторы/ доктор PhD (Польша)
14. Лутфуллин Ю.Р. – экономика ғылымдарының докторы / доктор экономических наук (Российская Федерация)
15. Мак Кензи К. – заң ғылымдарының докторы / доктор юридических наук (Великобритания)
16. Найманов Д.Қ. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы / доктор сельскохозяйственных наук
17. Пантелеенко Ф.И. – техника ғылымдарының докторы / доктор технических наук (Республика Беларусь)
18. Рябинина Н.П. – педагогика ғылымдарының докторы / доктор педагогических наук (Российская Федерация)
19. Шило И.Н. – техника ғылымдарының докторы / доктор технических наук (Беларусь)
20. Шнарбаев Б.К. – заң ғылымдарының докторы / доктор юридических наук

Редакциялық кеңесінің хатшысы / Секретарь редакционного совета – Иргизбаева К.Б.

Журнал 2000 ж. бастап шығады. 27.11.2012 ж. Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде қайта тіркелген. № 13195-Ж куәлігі./Журнал выходит с 2000 г. Перерегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 27.11.2012 г. Свидетельство № 13195-Ж.

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дің 05.07.2013ж №3 «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация» журналы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті алқасының шешімімен 06.00.00-Ауылшаруашылық ғылымдары және 16.00.00-Ветеринариялық ғылымдар салалары бойынша диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізіміне кірді./Решением Коллегии Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан №3 от 05.07.2013 г. журнал КГУ им. А. Байтұрсынова «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация» включен в Перечень научных изданий, рекомендуемых для публикации основных результатов диссертаций по отраслям: 06.00.00-Сельскохозяйственные науки и 16.00.00-Ветеринарные науки. 2012ж аталмыш журнал ISSN (ЮНЕСКО, г. Париж, Франция) сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі халықаралық орталығында тіркеліп, ISSN 2226-6070 халықаралық нөмірі берілді./Журнал в 2012 г. зарегистрирован в Международном центре по регистрации сериальных изданий ISSN (ЮНЕСКО, г. Париж, Франция), присвоен международный номер ISSN 2226-6070.

Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Қолжазбаларға рецензия берілмейді және қайтарылмайды. Ұсынылған материалдардың дұрыстығына автор жауапты. Қайта басылған материалдарды журналға сүйеніп шығару міндетті./Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. Рукописи не рецензируются и не возвращаются. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна.

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КӨРІНІСІ

Досова А.Т.- ф.ғ.к., доцент, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Бүгінгі таңда тіл білімінде жазушы шығармаларының тілдік табиғатын толық тану үшін жазушы шеберлігін бір ғана стилистикалық тұрғыдан ғана емес, танымдық тұрғыдан да зерттеу қажеттігі қойылып отыр. Көркем мәтіннің танымдық аспектісін жан-жақты қарастыру ерекше мәнге ие болуда. Көркем шығарма тілін таза стилистикалық тұрғыдан қарастыру жазушы шеберлігін қаламгерлік тұрғысынан танытатын зерттеу бағыты десек те, оның жеке дүниетанымын, жазушы болмысын, оның қоғамдағы рөлін, сонымен қатар жазушы өмір сүрген ортаның дүниетанымын, мәдениетін, тарихын т.б типтік белгілерін айқындайтын бағыт – когнитивтік бағыт болып табылады. Қазақ әдебиетінің классигі, жазушы-драматург Т.Ахтановтың шығармашылық лабораториясы біраз зерттеу жұмысына өзек болғанымен, лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдауға түскен жоқ. Т.Ахтанов романдарында қолданылған тілдік құралдар тек лексика-грамматикалық, стильдік ерекшеліктер тұрғысынан ғана емес, танымдық қырынан да қарастырылуы мақала тақырыбының өзектілігін көрсетеді. Т.Ахтанов романдарының лексикалық қоры алғаш рет тілдік тұрғыдан қарастырылып, олардың стильдік ерекшеліктері айқындалады. Т.Ахтанов шығармаларының танымдық жүйесіне сипаттама беріледі. Т.Ахтанов шығармаларындағы ұлттық дүниетанымдық бірліктер анықталады. Жазушы шығармаларының тіліне концептілік талдау жасалады.

Негізгі ұғымдар: тіл, дүниетаным, танымдық аспект, антропоөзектік бағытта, мәтін.

АСПЕКТ НАЦИОНАЛЬНОГО МИРОВОЗРЕНИЯ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Досова А.Т.– к.ф.н., доцент, Костанайский государственный университет им. А. Байтұрсынова

На данном этапе развития современной лингвистики становится актуальным изучение художественного мастерства писателя, языковых и стилистических особенностей художественных текстов в свете антропоцентрического направления. Особый интерес вызывают проблемы когнитивного аспекта художественных текстов. Исследование языка художественной речи в когнитивном аспекте позволяет раскрыть типические особенности языковой среды и культуры, определенного общества, членом которого является автор произведения, выявить наиболее яркие проявления общечеловеческих, национальных, когнитивных единиц, отраженные в словотворчестве автора, а также специфические, собственно авторские особенности мировосприятия. Актуальность исследования определяется тем, что впервые в истории изучения творческой лаборатории классика казахской литературы, писателя-драматурга Т.Ахтанова рассматриваются стилистические особенности языка его прозаических произведений, а также выявляются концептуальная система авторского миропонимания, отражение общенационалистических концептов в текстах произведений. Впервые в лингвистическом аспекте рассмотрен лексический фонд прозаических произведений Т.Ахтанова и выявлены его стилистические особенности. Описана когнитивная система, выявленная в языковом материале произведений Т.Ахтанова. Определены единицы миропонимания национального характера в произведениях Т.Ахтанова. Осуществлен концептуальный анализ текстов произведений писателя. В методологическую основу статьи легли научно-теоретические изыскания А. Байтұрсынулы, Ж.Манкеевой, Б.Ақбердиевой, В. Фон Гумбольд, А.Потебня, связанные с изучением лексико-грамматической системы языка, а также лингвостилистики, когнитивной лингвистики и лингвопоэтики.

Ключевые слова: язык, мировоззрение, когнитивный аспект, антропоцентрическое направление, текст.

ASPEKT OF THE NATIONAL WORLDVIEW IN A LITERATURE TEXT

Dossova A.T.- candidate of philological sciences, associate professor, A.Baitursynov Kostanay State University

At the given stage of modern linguistics development there is actuala studying of art writer's skill, language and stylistic features of art texts in light of anthropocentric directions. Special interest is caused with problems of art texts cognitive aspect. Researches of art speech language in cognitive aspect allows to

open typical features of the language environment and culture, certain society which member is the author of art work to reveal the brightest displays of universal, national cognitive units reflected in the author's word-producing, and also specific, actually author's features of attitude. The urgency of research is determined by the fact, that for the first time in a history of creative laboratory's laboratories studying of the Kazakh literature classics the writer-playwright T. Ahanov are considered stylistic features of his prosaic product's language, and also comes to light the conceptual system of author's outlook, reflection of national concepts his texts. For the first time are revealed lexical fund of T. Ahanov's prosaic work in linguistic aspect and also his stylistic features. There is described cognitive system revealed in a language material of T. Ahanov's works. There are determined units of national character outlook in T. Ahanov's prose. There is created a conceptual of writer's works. In a methodological basis have underlie scientific-theoretical researches of A. Baijursynuky, Zh. Mankeeva, B. Akberdieva, V. Fon Gumbold, A. Potebnia, is concerning with studying of lexical-granmatikal system of language, and also linguistic, cognitive linguistics and linguistic-poetics.

Key words: language, worldview, cognitive aspect, anthropocentric directions, text.

Көркем шығарма тілі тілдік қолданыстың ерекше бір саласын құрайды. Көркем әдебиеттегі тілдің қолданысын, қандай қызмет атқарып тұрғандығын, тілдік қолданыстың өзгеріске түсуі мен оның себептерін ашып беретін лингвостилистикалық зерттеулер болып табылады. Көркем шығарма тілінің арқауын әдеби тіл фактілер құрайтындығы белгілі. Ендеше тілдің даму процесінде болып жатқан барлық өзгерістердің одан көрініс тауып жатуы заңды нәрсе. Бұл тұрғыдан алғанда көркем мәтінге жүргізілген талдау әдеби тілдегі өзгерістерді айқындап, әдеби тілдің даму бағытын белгілеуге септігін тигізеді. Бірақ көркем шығарма әдеби тілде жазылғанымен көркем шығарма тілі мен әдеби тіл арасында ерекшеліктердің болатындығын ескерген жөн. Мәселен, күнделікті қарым-қатынас жасау қажетін әдейтін әдеби тіл көркем шығармада басқа қырынан танылады. Көркем шығармада әдеби тіл бейнелі құрал ретінде жұмсалып, сол арқылы оқушы сезіміне әсер ететін эстетикалық қызмет атқарады. Мәселен, әдеби тілде нормаға жатпайтын тіл элементі көркем шығармада автордың көздеген мақсатына жету үшін қолданылып, арнайы эстетикалық қызмет атқаруы әбден мүмкін. А. Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, тілді қолдану дегеніміз – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білу [1].

Халық тарихын да, ұлттық мәдениеттің дамуын да, тіпті халықтық ойлаудың қалыптасуын да біз тек тіл арқылы анықтай аламыз. Тіл – халық қазынасы, асыл мұрасы. Этнолингвистикалық зерттеулер халықтық арналардан суындай отырып, ұлттық сана, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, тарихи қалыптасу сияқты ұғымдардың ішкі сырын ашумен ғана шектелмейді, олар мәдени өркендеу, әдеби өрлеу, қоғамдық-саяси даму секілді этникалық айқындағыштардың да негізгі шарттарын түсіндіруге атсалысады, сол себепті, “Тіл тарихы мен халық тарихының байланысы – екі жақты байланыс. Тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі – халықтың тарихымен, сол халықпен бірге жасасып келе жатқан оның тілінің тарихымен байланысында зерттеу соншалықты қажет” [2, 20]. Халық тілінің ерекшелігіне мән беру, оның қоғамдағы орнын бағалау, яки тіл мен ұлттық даму арасындағы ажырамас бірлікті сараптау

мақсатында ғалымдардың бұл мәселеге әр кезде көңіл бөліп, тіл ғылымының түп қазығын содан өрбітуі сондықтан болар. Ғалым Ж. Манкеева пікіріне сүйенер болсақ, “тілдің танымдық, мұрагерлік қызметі негізінде сан ғасыр құпиясын бойына сақтаған этнотілдік деректерді сан ұрпақ ана тіліміздің қорына мәңгілікке сақталатын сарқылмайтын қазына, адамзат тарихының қоймасы” [3, 91]. – деп танытындықтан, халықтың арман-мақсатын, өмір-тіршілігін, қалыптасуы мен дамуын айқындар құралдар қатарында тілдің атқарар қызметі орасан зор.

Тіл – ұлттық болмыспен тығыз байланысты ұғым. Кез келген ұлттың өзіне ғана тән дүниетанымдық түсініктері болады. Ұлттық болмыс – қандай да бір ұлттың басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысы, адам және сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы. Тілді мифтік таным тұрғысынан қарастырған Б. Ақбердиева: “Тіл – тек ойды білдірудің құралы, я оның тікелей құрылысы емес. Тіл – ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде құрап беруші құрал. Яғни, ғаламды тану тәсілі мен оның біртұтас танымдық моделі тілдің терең құрылымдарынан бастау алады”, – деп жазады [4, 4]. Демек, тілде әр халыққа тән ұлттық болмыс көрініс тауып отырады.

Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. В. Гумбольд “ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл” деп көрсетеді. Ғалым тілді адамның ойымен, санасымен, оның мәдениетімен және рухани өмірімен тығыз байланысты қарайды. Тіл мен рух – Гумбольдтің пікірінше, біртұтас ұғым. Оның пікірінше, тіл дүниені тікелей, тура бейнелемейді. Тілде адамның дүниені қалай түсінетіні көрініс береді. Ғалым: “Язык – это объединенная духовная энергия народа, чудесным образом запечатленная в определенных звуках, в этом облике и через взаимосвязь своих звуков понятная всем говорящим и возбуждающая в них примерно одинаковую энергию. Разные языки – это отнюдь не различные обозначения одной и той же вещи, а различные видения ее...” – дейді [5, 349].

А. А. Потенба тілді ойды туғызушы тетік, тіл оқшау тұрған құбылыс емес, ол халықтың мәдениетімен біртұтас байланыста, себебі халық

– тілді жасаушы, тіл – “халықтық рухтың” жемісі, сондықтан тіл ұлттық ерекшелікті көрсетеді”, - деп жазады [6, 146].

Қазіргі тіл білімінде тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса танымдық ерекшеліктерін де зерттеу қолға алынды. Бұл көркем шығарма авторының тілі мен дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік ретінде танып білуге әкелді.

Көркем шығармалардың ішінде тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар ұлттық дүниетанымдық лексемаларды молынан қамтиды. Біз Т.Ахтановтың соғыс тақырыбында жазған шығармаларын тарихи шығарма ретінде ұлттық дүниетанымдық түсінікті толық бере алатын, дүниетанымдық лексеманы молынан қамтыған көркем шығарма деп санаймыз.

Жазушының “Қаһарлы күндер”, “Шырағың сөнбесін” романдары өткен ғасырдағы ұлттық дүние бейнесін көз алдымызға әкеліп, ұлттық менталитеттен хабар береді. Шығарма кейіпкерлерінің жай-күйін, заттар мен құбылыстарды сипаттау түрлі тілдік тәсілдер арқылы ерекше бір қайталанбас ұлттық нақышпен өрнектелген.

Т.Ахтанов романдарындағы ұлттық болмыстың тілдік көрінісін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Олар:

- ұлттық өнер
- ұлттық салт-дәстүр
- тұрмыстық ерекшеліктер
- ұлттық өлшем (уақыт, мөлшер)
- діни дүниетаным.

Ұлттық өнердің тілдік көрінісі: Т.Ахтанов шығармаларында ұлттық ерекшелік болып табылатын қазақ өнерінің болмыс-бітімі де кеңінен ашылған. Ол шешендік және музыка өнерімен байланысты көрінеді: Біз оны екіге бөліп қарастырамыз.

1) музыканың ұлттық дүниетанымдық көрінісі;

2) шешендік өнердің ұлттық дүниетанымдық көрінісі

Т.Ахтанов романдарында өн айту өнері қазақ халқының ұлттық аспабы – домбыра мен оның үнін аңсаған қазақ солдаттарының көңіл-күйлері арқылы көрініс тапқан.

Жазушы романдарында көрініс тапқан соғыс кезіндегі қазақ жауынгерлердің демалыс уақыттарында өн кештерін ұйымдастыруы қазақ дүниетанымындағы қазақ жастарының алтыбақан құрып, ойын-сауық құруын еске түсіргендей. Мысалы, “Кішкене бөлмеде он бес шамалы жауынгер отыр. Іштерінде Раушан, Күлөнда, Уәли де бар екен. Кәкібайдың қолында домбыра, күйге келтіріп, құлағын бұрап шертіп отыр...”

- Көне, Кәкібай, шырқап жібер. Сенің әніңді естуге келдік, - деді Мұрат.

- Құп, жолдас капитан. Өзімді де, жұрты да қыздырып алу үшін алдымен “Жамбас сипардан” бастайын. Содан кейін “мен шаршап қалдым, кішкене демалайын. Раушан бір өн айтсын. Қыз даусына қосылмай домбыраның күйі

келетін емес”, - деп жармасты. Раушан “айтса жағдайым жоқ. Басым ауырып отыр”, - деп тартыншақтап еді, қызып алған жұрт қоймады.

- Неменеге жүдейсің, Раушан. Өн сал. Көңілің ашылады. Біздің де көңілімізді аш. Тәңір жарылқасын, - деп Мұрат та қолқалады.

Раушан қызара жымиып Күлөндаға қарады. Күлөнда “айт, айтсайшы” деп сыбырлады. Раушан езу тартып күлсе де көз жанарында ұялаған суық сәуле жылымады. Ол Кәкібайға бұрылып “Татьянаның өнін тарт”, - деді.

Тереңнен шымырлап басталатын Абай өнінде үлкен сыр бар екен...

...Осыдан кейін барып, жұрт мақтау айтып дабырласып, Раушанға “тағы айт” деп жармасты.

...Тез бойын түзеп алып, Кәкібайға жалт бұрылып, “Майраны тарт” деді.

Серпінді, ескекті өн жүйткі жөнелгенде тар бөлменің қабырғасы қақ жарылып, қазақтың жусанды адыры, бозды даласы, қиқулап шапқан жігіт, той-думаны атой бергендей болды.

“Қызы едім, мен Уәлидің атым Майра,
Отыз тіс көмекейде, тілім сайра.
Шырқатып домбырамен жөнелгенде,
Ілесер осы өнге жігіт қайда?
Майра, Майра!

Сайра, осындайда!” (Қаһарлы күндер, 328-б).

Жоғарыдағы мәтінде қазақ әндері – Жамбас сипар, Татьянаның өні, Майра – Кәкібай мен Раушанның орындауында, ал “Майра” өнінің бір шумағы өлең түрінде берілген. Өн құдыреті “тереңнен шымырлап басталатын Абай өні”, “серпінді, ескекті өн”, “серпінді, ескекті өн жүйткі жөнелгенде тар бөлменің қабырғасы қақ жарылып, қазақтың жусанды адыры, бозды даласы, қиқулап шапқан жігіт, той-думаны атой бергендей болды” тіркестері арқылы ашылған.

Шешендік өнер – қазақ ұлтына тән бірден-бір ұлттық ерекшелік екендігі белгілі. Т.Ахтанов романдарында қазақ дүниетанымындағы шешендік өнерді паш ететін шешендік сөздерден үзінділер беріліп отырады. Ол төмендегі мәтіндерде көрініс тапқан.

“Ел аузында “Жетес би айтыпты “ деген небір өткір сөздер бар”(Шырағың сөнбесін, 56-б).

“Екі командир разъездің үйіне кіре бергенде ашық есіктен қарқылдаған күлкі естілді.

- Ою, жауынгерлерің көңілді ғой, - деді Мұрат Ержанға күлімсірей іек қағып.

- Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз деуші еді қазақ. Сол үш арсыз соғысыңа да қарамайды екен, - деді Ержан күліп” (Қаһарлы күндер, 326-б). Автор мұндай сөздерді қазақ ұлты роман кейіпкерлерінің тілінде қолданады.

Ұлттық салт-дәстүрдің тілдік көрінісі: Т.Ахтанов романдарында ұлттық дүниетанымды көрсететін тілдік құралдар мол қолданылған. Солардың бірі – ұлттық салт-дәстүрлердің жазушы шығармаларындағы тілдік көрінісі болып табылады. Т.Ахтанов романдарында қан майданның

ортасында да қазақ өнері – ән-күйі ешқашан ұмтылған жоқ деген тұжырымдамасымен қатар, жиын-терін болған жерде ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді шығарма мазмұнына енгізіп, көркем шығармаларының ұлттық нышанын сақтап отырады. Мысалы, *“Вагонға қыздар келгесін жауынгерлер тіпті жайдары болып кетті.*

- Ал, кәне қонақ кәде бәріңіздер! Ән салыңыздар! – деп жармасты Бәрібай қыздарға.

- Келмей жатып қонаққа қолқа салған қай атаңнан қалып еді. Алдымен қонақтарға сый-құрметін ұсынар болар, – деп Қартбай оны тойтарып, Кәрібайға бұрылды.

- Жігітім, кәнекей, сен жол баста. Көрсет өнеріңді осындайда” (Қаһарлы күндер, 72-б).

Жоғарыдағы мәтінде қазақтың “қонақ кәде” салты жайлы ақпарат берілген. Бірінші ақпарат - жиынға сырттан келіп келген қонақ қыздардан “қонақ кәде” сұрауы, екінші ақпарат – қонаққа келісімен қолқа салмайтын қазақ дәстүрі, үшіншіден – келген қонаққа алдымен іште отырғандардың сый-құрмет көрсетуі. Осы үш түрлі ақпарат жоғарыда берілген шағын мәтінде көрініс табады.

Қазақы тұрмыста үлкен ұлдың тұңғыш баласын кемпір-шалдың бауырына салатын салт бар. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін ауылды жерлерде әлі жалғасып келеді. Ата-әжеге бауыр басқан бала өз анасын “жеңеше” деген немесе атын атайды. Жасында анасының атын атаған бала өсе келе өз анасын мойындағанмен “мама” деуге қиналып жатады. Бұл қазіргі қазақы тәрбиедегі отбасылардың көбіне тән. Т.Ахтанов бұл ұлттық дүниетанымды “Шырағың сөнбесін” романында кейіпкер-баяндаушы сөзімен береді. Мысалы,

“...қазақта кемпір-шалға бауыр басқан үлкен баласын еркелетуге туған әке-шешесі үлкендерден қысылады, ал үлкенге бауыр басқан бала өз әке-шешесін мойындауға тіпті арланады” (Шырағың сөнбесін, 217-б).

Т.Ахтанов романдарында қазақтың бойжеткен қыздары мен жеңгелері арасындағы тату қарым-қатынас ұлттық салт-дәстүрдің бір көрінісі ретінде көрінеді. Мысалы, *“Басқа халықты білмеймін, қазақтың қыз баласының сезімін оятатын тек жыр мен кітап қана емес, көбіне жеңгелері.* Олар жай адамның қолы жетпейтін алыстағы ғашықтықты айтып әуре қылмайды, жас денедегі оянып келе жатқан сезімге жақын, ұрымтал тұстан дәл басып, нағыз қытықты жерден түрмеді. “Күйеу деген жақсы болады. Қу тізеңді құшақтап, қураған төсекте дөңбекшігеннен, беу, ойбай-ай, жас жігіттің ыстық құшағына не жетсін”, – деп бастап, түк білмейтін шығарсың, әбден –ақ. Бой жетіп қалдың, ішің бәрін біледі ғой” деп онсыз да мазаңды алып, денеңді қыздыра бастаған табиғаттың отына май құяды. Одан әрі тұрмысқа шығудың, бір үйдің қазан-ошағына ие болудың артықшылығын құлағыңа құйып, “о бастан пешенеңе жазылған” болашақ тірлігіңе баулиды” (Шырағың сөнбесін, 31-б).

Басқа ұлттарда қыз-бозбалалар көбіне кітап оқып, теледидардан көріп немесе махаббат, ғашықтық сезімі жайлы жазылған өлең-жырлардан оқып ғашықтық сезімдерін оятып жатса, ал қазақ ұлтының байырғы дүниетанымында ұлды ұяға, қызды қияға қондыруға себепші жеңгелері болған. Бұл ұлттық дүниетаным *“басқа халықты білмеймін, қазақтың қыз баласының сезімін оятатын тек жыр мен кітап қана емес, көбіне жеңгелері”* деген жолдарда көрініс тапқан.

Қазақ дүниетанымында келін боп түскен қыз барған жерінде күйеу жұртының – атасының, енесінің, қайынаға, қайынапа, қайны, қайын сіңлілерінің атын атамаған. Бұл қазақтың ибалық сақтау мәдениетімен байланысты. Бұл әдет-ғұрыптың нышаны Т.Ахтанов шығармаларында да кездеседі. Мысалы, *“Дариға қазақтың салты бойынша менің атымды атамайды, бірақ меншіктеп ен салып, ат та қоймайды, жәй “қыз-ау” дейді”* (Шырағың сөнбесін, 31-б).

Ұлттық тұрмыстық ерекшеліктер: Т.Ахтанов романдарында ұлттық тұрмыс-тіршілік нышандары да байқалып отырады. Олар:

1) бала арқалау әдеті.

“Қаһарлы күндер” романының баяндаушы кейіпкері Нәзира соғыс болып жатқан жерден тылға қарайғы сапарында орыс халқымен, орыс әйелдерімен бірге көп бейнет шегеді. Света есімді әйелмен достасады. Бір топ әйел балалармен бірге бірнеше шақырым жер жаяу аттанады. Осы ұзақ жол сапарын баяндағанда автор кейіпкер сөзі, іс-әрекеті арқылы қазақ тұрмыс-тіршілігінің белгілерін аңартып отырады. Мысалы, *“Байқап келем, бұл әйелдер бала арқалау дегенді білмейді екен, үш-төрт жасар балаларды қолқапандай етіп, бауырына қысып көтереді. Ондайға адам шыдай ма, тез шаршайды ғой, содан кейін мен оларға бала арқалауды үйреттім. Кейбіреулері бірден арқалай алмай өлек”* (Шырағың сөнбесін, 107-б).

Жоғарыдағы мәтінде қазақ тұрмысындағы бала арқалау әрекеті көрініс тапқан. Жазушы шығармаларындағы қазақ тұрмыс-салтының бір көрінісі - ұлттық тағам атаулары. Мысалы, *“Солдаттардың сорпа ішуінен байқадым, азық-түліктерің тапшы болар, – деп ол кемпірін шақырып алды. – Василиса Ивановна, мына жігіттерге жол азыққа беретін нең бар?”*

Василиса Ивановна екі алақанын шарт еткізіп, бөйек болды:

- Қап, ет те жоқ. Азғана картоп бар. Ол не болады?! Нан пісіріп беретін ұн да жоқ. Биыл бидайымызды да тарттыра алмадық.

Шал қатты ойланып қалды.

-Ендеше сіз, сол бидайды қуырыңыз, – деді Ержан шалға.

Шал түсінбей Ержанның бетіне бажырая қарады.

- Қуырған бидай өте жақсы тамақ, бала кезімізде талай жегенмін, – деді Ержан сөл жымияп (Қаһарлы күндер, 276-б).

“Қаһарлы күндер” романының басты кейіпкерлерінің бірі – взвод командирі Ержан

взводомен бірге қоршауда қалып қойып, Василиса Ивановна деген орыс әйелінің үйіне барып паналайды. Үй иесі арып-ашып келген солдаттарға не берерін білмей, нан пісіретін ұны жоғын, ал бидайды тарттыра алмағанын айтқанда, Ержан сол бидайды қуыруын өтінеді. Шығарма авторы қазақ тұрмысындағы тағам атауларының ұлттық сипатын ашып көрсетеді. Бұл қазақ халқының бидайды қуырып не тарттырып талқан жасап, тағам ретінде пайдаланатын тұрмыс-тіршілігін аңғартқандай.

Ұлттық өлшемнің (уақыт, мөлшер) тілдік көрінісі: Қазақ дүниетанымында өлшем бірліктерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Т.Ахтанов шығармаларында ұлттық өлшем бірліктерден мезгіл мәнді сөздер мен мөлшер мәнді сөздер жиі қолданылған. Мысалы, **мезгіл мәнді сөздер:**

“Ержанның алғашқы аңғарғаны бұл ма-нағы **бесін кезіндегі** өздері өткен деревняның батыс жағындағы орман екен” (Қаһарлы күндер, 231-б).

“Бүгін де **сәскеден** бастап немістер дивизияны барлық фронттан тұтас атакалады” (Қаһарлы күндер, 295-б).

“Оң қанаттағы жау атакасы тойтары-лып дұшпан шабуылының қарқыны бәсеңдегесін **бесін** кезінде өзінің команда пунктіне қайтып оралды” (Қаһарлы күндер, 119-б).

Жоғарыдағы мәтінде мезгіл мәнді “бесін”, “сәске” сөздері қолданылып, уақыт өлшемінің ұлттық сипатын ашып тұр. Автор осы сөздердің орнына түс қайта не түске шейін не сағат тілін қолдануына да болар еді. Мұндай сөздерді қазақы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін сипаттауды көздеген авторлық мақсаттан туған қолданыстар деп есептейміз.

Мөлшер мәнді сөздер (көлем):

“Қоршауға түскенін келесі күні баталыоннан үзіліп қалған взвод – **ат төбеліндей** бір топ жауынгерлер қалың селдей қаптаған неміс әскерлерінің көзіне түспей үш күн бойы тұспалдап шығысқа қарай келе жатыр еді (Қаһарлы күндер, 252-б). “**Ат төбеліндей** ғана аз ғана топ қыбыр өтіп қозғалмай, қолдарындағы қаруларын сығып ұстап сазарып қатып қалған (Қаһарлы күндер, 367-б).

Жоғарыдағы мысалдардағы “ат төбеліндей” тіркесі ұлттық дүниетанымдық өлшем бірлік ретінде жазушы шығармаларында “бір топ” деген мағынада жиі қолданылып отырады.

Т.Ахтанов шығармаларында ұзындықты білдіретін мөлшер мәнді сөздер де кездеседі. Мысалы,

“Окоптың дені **кісі бойы** екен” (Қаһарлы күндер, 322-б).

“Әйтсе, баласының өзге балалардан **сынық сүйем** болса да артықшылығына, басқа келіншектердің қошеметіне деген іштей мақтананышын жүзі айтып тұр” (Шырағың сөнбесін, 72-б).

Жоғарыдағы мысалдардағы “кісі бойы”, “сынық сүйем” тіркестері де ұлттық дүниетанымдық бірліктер болып табылады.

Діни дүниетанымның тілдік көрінісі:

Т.Ахтанов шығармаларында қолданылған діни лексика: *діншіл; ораза, намаз, айт; жайнамаз; құран оқу; бата қылу; аруағы ренжу; тәңір жарылқасын; құдай сақтау т.б.*

Жазушы шығармаларындағы діни дүниетанымның тілдік сипаты әр түрлі діни салт-дәстүрлермен байланысты көрініс тапқан. Олар:

1) **Құран оқу:** Мысалы, “Қамқа әжем шарта жүгініп құран оқып отыр. Мен оның бір сөзін түсінбеймін, оның үстіне Қамқа әжем, молдалардай әуенге салып созбай, көбіне іштей күбірлеп, ақырын оқиды.

Қамқа әжем құранды ұзақ оқыды. Қанша айтқанмен бала емеспін бе, мен алаң болып кетіп едім, бір кезде үнсіз етөгімнен тартып қалды. Сөйтсем қолым жайып бата қылайын деп жатыр екен, мен де қолымды жайдым. Бата қасиетті нәрсе. Батада айтылған тілекті құдай береді. Мен де іштей күбірлеп құдайдан алама бар жақсы тілек тілеп жатырмын. Қамқа әжем бетін сипап, қатты бір күрсініп қойды.

- Анаңа жақсы тілек тіледің бе, қалқам? Сен періштесің ғой. Сенің тілегің қабыл болады, - деді менің маңдайымнан сипап” (Шырағың сөнбесін, 46-б).

2) **Шелпек пісіру (жеті нан).** “Қамқа әжем қайтыс болған адам түсіне кірсе “марқұмның аруағы ренжіп жүр ғой” дейтін. “Бүгін Уезипа келінім түсіме кірді. Өңі жүдеу. Апаңды ойламай кеттік қой. Барып сары ишанды шақырып келе ғой” деп мені жұмсап, **шелпек пісіріп, “аруағы риза болсын”** деп талай құран оқытқан.

Мектепте білім алып, құдайға сенбейтін болсам да, Қамқа әжемнің көп ырымдары бойыма сіңіп қалған. Жұмашжанның **аруағының** маған ренжіп жүргені рас болар” (Шырағың сөнбесін, 173-б).

3) **Ораза, айт, Қадыр түнімен байланысты наным-сенім.** Мысалы, “Біздің жақта **ораза айтынан кейін, Қадір түн** күзетеді. **Егер құдай тағала қаласа – қараңғы түн қақ жарылып, бір сәтке жарқ ете қалады** екен. Осы жарқ еткен кезде, не айтып үлгерсең, **сол тілегің айнымай қабыл болады** дейді. Әйелдердің көбі **құдайдан бала тілейді**” (Шырағың сөнбесін, 194-б).

4) **Құдайға сыйыну:** “Әкеме көзім түсіп кетіп еді, өңі қашып кеткен, шошынған үрейлі көзінен жасы сорғалап: - **Я, құдай... Я, құдай!**... - дей береді даусы қалтырап (Шырағың сөнбесін, 183-б). “...Әкем баласын бауырына қысып, аяғымен жер сызып жорғалай басқан жұмсақ жүрісінен танбай, асығып **құдайға сыйынып келеді**” (Шырағың сөнбесін, 183-б).

5) Жазушы шығармаларында діни наным-сенім, яғни **құдайды ауызға алып отыру** кейіпкерлердің ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Мысалы, “Мен болсам, бір оттан құтылып, өртке тап болдым ғой деймін, алдымда қандай

пәле тұрғанын **құдай білсін**" (Шырағың сөнбесін, 130-б). **Құдай бастарыңызға бермесін**, дәрменсіз адамның, тым болмаса қой құрлы өлерінде тыпыршып тұяғын сермеуге де халі болмайды екен, сол халсіздік емей немене, үміт, талаптан да, тіпті ойдан да қалып, түс ауғанша мелшиіп отыра беріппін" (Шырағың сөнбесін, 140-б). Қай жерде барып тынысым бітерін **бір құдайдың өзі білсін**" (Шырағың сөнбесін, 206). "Ар жағын **бір құдайдың өзі білсін**" (Шырағың сөнбесін, 157-б)

6) **Аруаққа сыйыну**: "Басқасын қайтейін, тіпті көрде жатқан **Жетес бабамның аруағын күңіренттің-ау сен әлі**, - деп күледі Қамқа әжем.

- Иә, болды ғой бәрі, - дейді Тұрсынғали төмен қарап ыржиып. - **Жарықтық Жетес биді әулие кісі** деуші еді, соның **кепиеті ме**, енді міне қой бағып жүрміз" (3, 171-б).

7) **Құдайға үміт арту**: "Апырай, осы Төлеген өз басының қамын ойлау дегенді білмейді-ау, - дегендерге Қамқа әжем:

- Қара басының қамын ойлағандар қай мұратқа жетіпті. Төлегеннің пейілі таза, **құдай тағала пейіліне береді**, - дейтін" (3, 195-б).

Қорыта айтқанда, Т.Ахтанов романдары ұлт табиғатын, болмысын, таным-түсінігін. Тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен рухани қазынасын жан-жақты, әр қырынан танытатын керкем туындылар болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері - Алматы:

Санат, 1993. - 496 б.

3. Манкеева Ж.А. Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларының академиялық танымы хақында. // «Жұбанов тағылымы» VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Ақтөбе-2005 - 530 б. - 90-93 бб.

4. Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар. Филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясы. - Алматы, 2002. - 110-б.

5. Гумбольд В. фон. Язык и философия культуры. Москва, Прогресс, 1985. - 456-с.

6. Потебня А.А. Слово и миф. - Москва, Правда, 1989. - 622-с.

References:

1. Bajtursynov A. Shygarmalary – Almaty: Zhazushy, 1989. – 318 b.

2. Akhanov K. Tyl bylymnyn negizdery – Almaty: Sanat, 1993. – 496 b.

3. Mankeeva Zh.A. K.Zhubanovtyn muralarynyn akademiaylyk namymy khakynda. // "Zhubanov tagylymy" VI Khalykaralyk gylymi-teoriyalik konferenciya materialdary. – Aktobe – 2005 – 530 b. – 90-93 bb.

4. Akberdieva B. Leksika-frazeologiyalyk zhujedegy mifytk-tanymdyk kurylymdar. Filologiya gylimdarynyn kandidattyk dissertaciyasы. – Almaty, 2002 – 110 b.

5. Gumbold V. fon. Yazyk I filosofiya kultury. Moskva, Progress, 1985 – 456-s.

6. Potebnya A.A. Slovo I mif. – Moskva, Pravda, 1989. – 622-s.

Автор туралы мәлімет

Досова Алма Төлегенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ. Байтұрсынов көш., 47, тел. 87142511144; e-mail: almdosova@mail.ru.

Досова Алма Тюлюгеновна – кандидат филологических наук, доцент, Костанайский государственный университет им. А. Байтұрсынова, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47, тел. 87142511144; e-mail: almdosova@mail.ru.

Dosova Alma Tulegenovna - candidate of philological sciences, associate professor, A.Baitursynov Kostanay State University, Kostanay, Baitursynov Street 47, tel. 87142511144, e-mail: almdosova@mail.ru.

УДК 02.31.21

О СОДЕРЖАНИИ КУРСА РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ В ВУЗАХ

Колдыбаев С.А. – д.ф.н. профессор, Костанайский государственный университет им. А.Байтұрсынова

В работе на основе критической оценки содержания религиоведения в вузе, предлагается несколько иной подход к характеру учебных тем, которые должны входить, по мнению автора в этот курс. Религиоведение должно носить в высшей школе не историко-фактологический, как это имеет в основном в настоящее время, а философско-религиоведческий характер. В этом случае религиоведение будет рельефно отличаться не только от истории мировых религии, но и

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ВЕТЕРИНАРИЯ

ИБРАГИМОВ П. Ш. АЛИХАНОВ Қ. Д. ОРЫНТАЕВА М. Ж.	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНАН АЛЫНҒАН ҚОЙ ЕТІ СЫНАМАСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ ҚАЛДЫҚ САНЫН АНЫҚТАУ.....	3
АУТЕЛЕЕВА Л. Т. МАЙКАНОВ Б. С.	РАСПРЕДЕЛЕНИЕ И НАКОПЛЕНИЕ 1,1 ДИМЕТИЛГИДРАЗИНА В ОРГАНАХ И ТКАНЯХ КРОЛИКА.....	10
АХМЕТСАДЫКОВ Н. Н. СУЛЕЙМЕНОВА Ж. Б. САДУЕВА Ж. К.	ЖАНУАРЛАР МЕН ҚҰСТАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУДА ФИТАЗАНЫ ҚОЛДАНУ.....	15
ДУШАЕВА Л. Ж. ЖУМАГАЛИЕВА Г. К. ГАБДУЛЛИН Д. Е.	ТУБЕРКУЛЕЗГЕ СӘТСІЗ ШАРУАШЫЛЫҚТАҒЫ ІҚМ МҮШЕЛЕРІН- ДЕГІ ҰЛПАЛАРДЫҢ ЭЛЕТКРОННОГРАММАСЫ.....	19
МУСТАФИН Б. М. ЯЧНИК Л. П. НАСЫМБАЕВА А. У.	АНАЛИЗ ЭПИЗООТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ ПО ЯЩУРУ В КАЗАХСТАНЕ И КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ.....	23
МАЙКАНОВ Б. С. МУСТАФИНА Р. Х. БУКЕЕВА А. Б.	РАЗРАБОТКА СПОСОБА ОПРЕДЕЛЕНИЯ ФАЛЬСИФИКАЦИИ МЕДА ТОВАРНЫМ САХАРОМ.....	29
ТУРМАГАНБЕТОВА Г. К. КРАВЧЕНКО А. В. УМАРОВ А. Б. РЫЩАНОВА Р. М. КУЙБАГАРОВ М. А.	ОПЫТ ПОЛУЧЕНИЯ СПЕЦИФИЧЕСКИХ МОНОКЛОНАЛЬНЫХ АНТИТЕЛ К СТЕРОИДНОМУ ГОРМОНУ.....	34
ГЕРШУН В. И. ДИНЕР А. П.	ДИНАМИКА ПОПУЛЯЦИИ L. MONOCYTOGENES В КОЗЬЕМ МОЛОКЕ.....	39

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ

БЛИСОВ Т. М. КУДЕБАЕВ Е. Е.	ЗЕМЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ И УСЛОВИЯ ИХ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ.....	43
ШИЛОВА Н. И. ТЛЕУБАЕВ М. Б. ШИЛОВА К. М.	СОВРЕМЕННОЕ ФИТОСАНИТАРНОЕ СОСТОЯНИЕ СЕЛЬСКО- ХОЗЯЙСТВЕННЫХ УГОДИЙ И ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ЗАЩИТНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ.....	51

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

ДОСОВА А. Т.	КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КӨРІНІСІ.....	58
КОЛДЫБАЕВ С. А.	О СОДЕРЖАНИИ КУРСА РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ В ВУЗАХ.....	63

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

НАБИ И. А. КОШКИН И. В. ТЕМИРХАНОВА Х. З.	ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕПЛОНАСОСНЫХ УСТАНОВОК ДЛЯ ОБОГРЕВА СУБСТРАТА ПРИ АНАЭРОБНОЕ СБРАЖИВАНИЕ В МЕТАНТЕНКАХ.....	67
САПА В. Ю. БОНДАРЕНКО С. А.	ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИЭ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ АПК КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ.....	72